

Павлодар қалалық мәслихатының
2024 жылғы 18 желтоқсандағы №208/23 шешімі
8-сайланған XXIII-кезектен тыс сессия
Қазақстан Республикасы эталондық бақылау банкінде
2024 жылғы 19 желтоқсанда жарияланды

Павлодар қаласы бойынша 2025 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп- ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 10-3-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы «Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-

ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» №166 бұйрығына сәйкес Павлодар қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері айына бір шаршы метр үшін 34,85 теңге сомасында бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қалалық
мәслихатының төрағасы
Қ.ҚОЖИН.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «ДЕМЕУ КӨК-ТАС» ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобаның атауы: «Павлодар облысындағы Алқамерген кен орнындағы тау-кен өндіру жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп.

Әсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Май ауданы. Кен өндіру алаңының ауданы 150 гектарды құрайды. 1. 51°5'54.82" СЕ, 76°33'35.36" ШБ; 2. 51°6'19.2866" СЕ, 76°33'56.6574" ШБ; 3. 51°6'18.4605" СЕ, 76°34'16.8092" ШБ; 4. 51°6'9.3763" СЕ, 76°35'12.1186" ШБ; 5. 51°5'40.3975" СЕ, 76°35'11.8834" ШБ.

Қоғамдық тыңдаулар **2025 жылғы 11 ақпан сағат 11.00-де өтеді** Павлодар облысы, Май ауданы, Ақшыман ауылдық округы, Жаңа Ақшыман ауылы, Ө.Молдағұлова көшесі, 6, «Ақшыман негізгі орта мектебі» КММ ғимараты.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us06web.zoom.us/j/81037744242?pwd=ziOChxViG5AQ1wPoHroHFjuX2c20iB.1>

Конференция идентификаторы: 810 3774 4242; кіру коды 5PMZX3. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Байланыс сұрақтары бойынша жоспарланған әрекеттің бастамашысына қоңырау шалыңыз.

Жоспарланған жобаның бастамашысы: «ДЕМЕУ КӨК-ТАС» ЖШС, БСН:160440034159, ҚР, Алматы қ-сы, Бостандық ауданы, Қожанов көшесі, 78, 70-пәтер, эл. пошта: info@dktko.kz, тел. **8-701-490-5555**.

Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС. Мекенжайы: Алматы қ., Бұқар жырау көшесі, 33, «Жеңіс» БО, оф. 50, БСН - 920940000013. Тел/факс: **8 (727) 376-33-42**, электрондық пошта: office@antal.kz.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады. ЖАО материалдарымен танысыңыз: <https://ecportal.kz> E-mail: temirgalina.aliya@pavlodar.gov.kz Павлодар облысы, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б.

Жоспарланған жоба туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін алу мақсатында мына мекенжайлар бойынша хабарласуға болады: «ДЕМЕУ КӨК-ТАС» ЖШС эл. пошта: info@dktko.kz, тел. **8-701-223-0942** және «АНТАЛ» ЖШС. Тел/факс: **8 (727) 376-33-42**. Электрондық пошта: office@antal.kz.

(20233)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ДЕМЕУ КӨК-ТАС» ЖШС **17.01.2025 ж. – 30.01.2025 ж. дейін**, 10 жұмыс күні ішінде «Павлодар облысындағы «Алқамерген» кен орнындағы тау-кен жұмыстарының салдарын жоюдың болжамды құнының есебі және жою жоспары» жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz/>.

Жобаны тапсырыс беруші - «ДЕМЕУ КӨК-ТАС» ЖШС, ҚР, Алматы қ-сы, Бостандық ауданы, Қожанов көшесі, 78, 70-пәтер, эл. пошта: info@dktko.kz, тел. **8-701-490-5555**.

Жергілікті атқарушы орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» тел. **+7(7182)326618**.

(20233)

ЖАРНАМА

66-15-40, 66-15-42



Мерзімді баспа басылымдары тиісті уақытында жеткізілмеген жағдайда мына телефондар арқылы хабарласыңыздар: «Ертіс Медиа» ЖШС **66-15-41**, «Қазпошта» АҚ ПОФ-ның жазылу бөлімі: **32-40-37, 32-49-93** және сенім телефоны: **32-35-35**.

Павлодар облысының Әділет департаментінде
2024 жылғы 20 желтоқсанда
№7625-14 болып тіркелді
Павлодар қаласының әкімдігі

**2024 жылғы 18 желтоқсандағы №1722/2
ҚАУЛЫ**

Павлодар қалалық мәслихаты
8-сайланған XXIII-кезектен тыс сессия
**2024 жылғы 18 желтоқсандағы №209/23
ШЕШІМ**

БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ ЖӘНЕ ШЕШІМ

Павлодар қаласының қалалық қоғамдық көлігінде (таксиден басқа) тегін жол жүру құқығын қоса алғанда, көлік қызметтеріне жеңілдіктер белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 56-бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Заңының 13-бабына, Қазақстан Республикасының «Автомобиль көлігі туралы» Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 және 31-баптарына сәйкес, Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Павлодар қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әлеуметтік көлік картасы немесе жеңілдік құқығын растайтын құжат болған жағдайда, меншіктің барлық нысандарындағы (таксиден басқа) тұрақты қалалық қоғамдық көлікте Павлодар қаласы азаматтарының келесі санаттарына тегін жол жүру белгіленсін:

1) Ұлы Отан соғысы кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектігі бар тұлғаларға және Ұлы Отан соғысының қатысушыларына;

2) «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен марапатталған азаматтарға;

3) Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердегі, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының көмелетке толмаған тұтқындарына;

4) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттық салдарын жоюға қатысқан тұлғаларға;

5) Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезеңінде жаралану, контузия алу, зақымдану, ауруға шалдығу салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына;

6) бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына;

7) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдары ардагерлеріне;

8) еріп жүру кезінде еріп жүруші тұлғамен жүретін бірінші топтағы мүгедектігі бар тұлғаларға;

9) екінші топтағы мүгедектігі бар тұлғаларға;

10) еріп жүру кезінде еріп жүруші тұлғамен жүретін он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға;

11) он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалардың ата-аналарының біреуіне немесе қамқоршыларының біреуіне;

12) ата-анасының қамқорлығынсыз

қалған жиырма үш жасқа дейінгі жетім балаларға;

13) жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі балаларға;

14) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға жататын отбасылардан шыққан жиырма үш жасқа дейінгі күндізгі оқу нысанындағы колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттеріне;

15) төрт және одан да көп бірге тұратын көмелетке толмаған балалары бар отбасылардан шыққан күндізгі оқу нысанындағы колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттеріне (оның ішінде олар он сегіз жасқа толғаннан кейінде орындарын бітірген уақытқа дейін);

16) төрт және одан да көп бірге тұратын көмелетке толмаған балалары бар (оның ішінде колледждер мен жоғары оқу орындарында оқитын, олардың он сегіз жасқа толғаннан кейін оқу орындарын бітірген уақытқа дейін) көп балалы аналарға (немесе әкелерге), «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналарға, балалардың жастарына қарамастан бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аналарына: барлық дәрежедегі «Ана медалі» медалімен, барлық дәрежедегі «Ана даңқы» орденімен марапатталған аналарға, батыр аналарға;

17) Павлодар қаласының құрметті азаматтарына, облыстық және республикалық маңызы бар зейнеткерлерге.

2. Меншіктің барлық нысандарындағы (таксиден басқа) тұрақты қалалық қоғамдық көлікте Павлодар қаласының жасы бойынша зейнеткерлеріне 1 (бір) сапар үшін тариф құнының 50% (елу) мөлшерінде жеңілдікпен жол жүру белгіленсін.

3. Қаржыландыру көзі қалалық бюджет деп анықталсын.

4. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына және Павлодар қалалық мәслихатының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

5. Осы бірлескен қаулы мен шешім олардың алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қаласының әкімі
Х.ХАБЫЛБЕКОВ.

Павлодар қалалық мәслихатының
төрағасы
Қ.ҚОЖИН.

Еске алу

Саятов Аманкелді Саятұлын еске аламыз

Май ауданы Баскөл ауылының тумасы Саятов Аманкелді Саятұлы ортамызда болса, 2025 жылдың 1 қаңтарында 60 жасқа толар еді. Сағынышпен еске аламыз. Жаның жаннатта, топырағың торқа болсын.

Соңында қалған балаларына, немерелеріне ұзақ ғұмыр, бақ берсін!

Тағдырдың салғанына бағынамыз,
Бағынамыз, еске алып сағынамыз.
Е, Аллаһ, іміміз Аманкелдіге,
Жаннаттың сыйлай көрші
бағын нағыз.

Еске алушылар: **ағасы - Берік, жеңгесі - Маржан, қарындастары, күйеу балалары.**

(917)



SARYARQA SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы)
«Ертіс Медиа» ЖШС,
«Saryarqa samaly» облыстық газеті

Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №KZ17VPY00084792 куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпы-ұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.

ЖШС директоры
Руслан БИЛЯЛОВ

Бас редактор
Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы:
Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.

Редакцияның мекенжайы:
140000, Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.
Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: saryarka-samaly.kz



Газеттің электронды поштасы: ssamaly29@gmail.com.
Бас редактордың орынбасары - 66-15-28.
Жауапты хатшы - 65-12-74.
Әлеуметтік бөлім - 66-14-64,
66-15-31, 66-15-32.
Экономика, саясат - 66-14-64,
66-15-28, 66-14-65.

Жарнама бөлімі:
smi14reklama@gmail.com
66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату бөлімі - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Газет аптасына бір рет шығады, осы нөмірдің таралымы 3270 дана, бүгінгі көлемі 9 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспахана-сында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 13

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.